

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Қазан

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.</p> <p>Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Тепе-теңдікті сақтау. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, кедергілер арасынан еңбектеу; гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Секіру. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа екі қатармен тұру.</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Самокат тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту. Футбол ойынына жағдай жасау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау</p>

Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар бойынша сипаттау.</p> <p>Шығармаларды қабылдау. Сөз және сөз ұйкастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден пішіні қолданылуы бойынша заттардан құру, Сан және санау. Сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 8 санының пайда болуымен, 0 ден 8 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық денені(шар) дұрыс атап, оны ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.</p>

Қоркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату Мәнерлеп оқу. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін көрсету
Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы. Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау. Бала, оның отбасы, үйі: Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Заттық әлем . Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс материалдарынан ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімін (сәукеле) құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи (мақта) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыруға баулу.
Сурет	Заттық сурет салу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) Сюжеттік сурет салу: Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы салу (өсімдіктер)

	<p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан») туралы түсінігін кеңейту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Жануарлардың бейнесін қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту; шаршылардан үшбұрышты пішіндерден қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік композиция жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін беру, әлеуметтік оқиғаларды бейнелеу.</p> <p>Сәндік жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды ою өрнектерімен безендіру, жеке және топпен бірлесіп жасау</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - Жаз, күз мезгілі жайлы түсініктерін қалыптастыру, сипаттауға үйрету. күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, атауларын айтады. - Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; - Түстердің атауларын үйрету. -Жеміс-жидектердің түстерін , пішіндерін ажыратып, атауға үйрету.Қарапайым сұрақтар қояды және оған жауап береді; заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; Үлкен, кішкентай сөздерімен таныстыру (қ,ү,ұ,і)дыбыстарын анық айтқызу. -Топтағы заттарды үлкен, кішкентай деп ажырата білуге үйрету. - өзінің отбасы туралы айтуға дағды қалыптастыру. - Сөздік қорларын ұлғайту. таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;.
Музыка	<p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру</p> <p><i>Музыка тыңдау.</i></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен</p>

	<p>таныстыру</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу</p> <p><i>Ән айту.</i></p> <p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</i></p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету</p> <p><i>Билер</i></p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту</p> <p><i>Би шығармашылығы.</i></p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару</p> <p><i>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</i></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету</p>
--	--